Бекітілді:

«Балдырған»бөбекжай бақшасы»МКҚК

меңгерушісі ________ А.Қ.Бисебаева

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР (ПК)**

**Мақсаты:** «Тәрбие - оқыту үрдісінде заманауи әдістерді қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру, функционалдық сауаттылықты және педагогикалық инновацияларды дамыту»

**№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС тамыз**

**Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы»**

**Өткізу формасы:** Нұсқаушы

| № | **Мазмұны** | **Негіздеме** | **Жауаптылар** |
|---|---|---|---|
| 1 | МДҰ-ның жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларын талдау | Есеп беру | Әдіскер |
| 2 | Жедел бақылау қорытындысы<br>Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы | Анықтама | Әдіскер<br>Медбике |
| 3 | Нормативтік құжаттарға шолу<br>а) МЖМБС, бағдарлама таныстыру.<br>ә) 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқау хатқа шолу. | Нормативтік құжаттар | Меңгеруші<br>Әдіскер |
| 4 | 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық және үлгілік оқу жоспарларын талқылау және бекіту.<br>1) 2024-2025 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру. | Жылдық жоспар, перспективалық жоспарлар, ҰІӘ-нің кестесі, күн тәртібі | Меңгеруші<br>Әдіскер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2) Педагогтардың перспективалық жоспарларын, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту | | Пед.ұжым |
| 5 | Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру және жауапкершілік жүктеу | Инклюзивті орта құру туралы заң актілері | Меңгеруші,мейірбике |
| 6 | Ағымдағы мәселелер | Нұсқаулар,ережелер | Меңгеруші Педагогикалық ұжым |
| Педагогикалық кеңес шешімі | | | Меңгеруші Педагогикалық ұжым |

**№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС** **қараша**

**Тақырыбы:**«Балалар іс-әрекетінің әртүрлі формалары мен түрлерінде мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру»

| № | Мазмұны | Негіздеме | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | №1 педкеңес шешімінің орындалуы | Есеп беру | Меңгеруші |
| 2 | «Заттық-кеңістікті құру арқылы мектепке жасына дейінгі балалардың бес дағды бойынша пәндік-дамытушы ортаны ұйымдастыру» | Бақылау | Әдіскер |
| 3 | Презентация «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру әдіс-тәсілдері» іс-тәжірибесі | педагогтар іс-тәжірибе | Тәжірибелі тәрбиешілер |
| 4 | Ашық ҰІӘ қорытындысы | Анықтама | Әдіскер |
| 5 | Әртүрлі мәселелер | Талқылау | Әдіскер<br>Шығармашылық топ |
| | | | |
| Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау. | | | Меңгеруші<br>Педагогикалық ұжым |

**№ 3_ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС _қаңтар_**

**Тақырыбы:** Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу және оқыту жүйесін ұйымдастыру

| р\№ | Мазмұны | Негіздеме | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | №2 педкеңес шешімінің орындалуы | №2 педкеңес шешімі | Әдіскер |
| 2 | Топтардағы балалардың балабақшаға қатысы, денсаулық жайын анықтау, салыстырмалы бақылау | Бақылау анықтамасы | Меңгеруші, медбике |
| 3 | Педагог кадрлардың жарты жылдық жұмыс есебі | талдау есебі | педагог мамандар, барлық топ тәрбиешілері |
| 4 | 1 жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы<br>Педагогтермен жұмыс | Қорытынды кесте | Әдіскер<br>Меңгеруші |
| 5 | Әртүрлі мәселелер | Талқылау | Меңгеруші Әдіскер<br>Педагогикалық ұжым |
| Педагогикалық кеңес шешімі | | | Меңгеруші Әдіскер<br>Педагогикалық ұжым |

## №4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

**Мерзімі:** Наурыз

**Тақырыбы:** Ойын технологиялары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалды-танымдық қабілеттерін дамыту

| № | **Жұмыс мазмұны** | **Жауапты** |
|---|---|---|
| 1 | №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы | Меңгеруші |
| 2 | Психологиялық тренинг | психолог |
| 3 | Жылдық міндет бойынша ұйымдастырылған ашық көрсетілімдер талдауы | шығармашылық топ |
| 4 | Ақпараттық баяндама «Интеллектуалды ойындар: олардың классификациясы және әзірлемесі» | Тәрбиеші |
| 5 | Интелектуалдық ойын: «НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН? | Тәрбиеші |
| | Педагогикалық кеңес шешімі | Меңгеруші<br>Пед.ұжым |

**№5 Педагогикалық кеңес**

**Мерзімі:** Мамыр

**Тақырыбы:** «2024-2025 оқу жылындағы тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытындысы»

| № | Жұмыс мазмұны | Жауапты |
|---|---|---|
| 1 | №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалысы | |
| 2 | I.Өткен оқу жылы бойынша бөбекжай-бақшасының жетістіктері мен кемшіліктерін талдау.<br>II.Тәрбиешілер мен пән мамандарының жыл бойына жүргізген жұмыстарының есебі<br>III. Балалардың білім, білік және дағдылар көрсеткішінің қорытындысы.<br>4.Шығармашылық тобының жыл бойына жүргізген жұмысына есебі.<br>5. 2024-2025 оқу жылында мектеп біліміне дайындық диагностикасы нәтижелерін талдау қорытындысы - психолог | Меңгеруші<br>Әдіскер<br>Психолог<br>Медбике<br>Пед.ұжым |
| 3 | 2024-2025 оқу жылындағы денсаулық сақтау құзыреттілігі: «Балалардың балабақшаға қатысуы, аурулардың алдын алу шараларaның сараптамалық талдауы. Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру нәтижелері | |
| 4 | Бөбекжай-бақшасының жаз мезгіліне арналған жазғы сауықтыру шаралары жоспарын бекіту | |
| 5 | Жылдық жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу | |
| 6 | Біліктілік санаттарын табыстау т.б. | |
| Педагогикалық кеңес шешімі | | |

Хаттама №1

Тақырыбы:"Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы"

Өткізілген мерзімі:14.09.2023ж

Қатысқандар саны:17

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Талдау: "Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы" есеп беру.
2. Жедел бақылау қорытындысы топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.
3. Корпоративтік құжаттармен таныстыру
4. "Балабақшаның жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту"2022-2023 оқу жылындағы міндеттермен таныстыру.Педагогтардың перепективаендік жоспарлары , ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін,күн тәртібін бекіту.
5. Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру.
6. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Мектепке дейінгі ұйымда басшысы оқу жылындағы алғашқы педагогикалық кеңесті ашық деп жариялай отырып, қаралатын күн тәртібімен таныстыруы.2022-2023оқу жылындағы жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының жоспарлануы ,жоспарға сәйкес орындалуы туралы мәлімдеме жасады.Балабақша әдіскері Ш.Р.Толыбаева тәрбиеші мамандардың жазғы жұмыс талдап,қорытынды жасады.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері жедел бақылау қорытындысын жариялады.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы анықтамасын ұсынды.Барлық топ тәрбиешілері балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топты жабдықтауға көңіл бөлген.Топтарда заттық дамытушы ортаны толықтыруға қатысты ұсыныстар берілді. Одан әрі балабақша әдіскері биылғы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды,ал балабақша басшысы осы нұсқау хатпен ұсынылған нормативтік құжаттарды басшылыққа алу қажет екендігін атап өтті.Педагогикалық қызмет барысы стандарт пен бағдарламаны негізге ала отырып жүзеге асатынына көңіл бөлді.Төртінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына құралған жылдық жоспары толтырылып , талқыланды.Жаңа 2022-2023 оқу жылында Ойыл арқылы оқыту қағидаты негізінде түйінді дағдыларды қалыптастыру әдістемесін жетілдіру, ұлттық құндылықтарды насихаттау және педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мақсаты қойылды.Жылдық жоспарда белгіленген мақсат – міндеттерге орай педагогикалық кеңес бағыттарын атап өтті.Жылдық міндетке сәйкес шаралар, ашық көрсетілімдер,жауапты тұлғалар белгіленді.Балабақша топтарының перспективалық жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекет, күн тәртібі қаралды және бекітілді.Одан әрі мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру мәселесі қаралды Балабақша басшысы инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру үшін алдымен нормативтік құжаттарға назар аудару

қажет екендігін атап өтті.Сонымен қатар инклюзив тобына жататын балаларға жағдай құру мақсатында заттық дамытушы ортаны қайта жасақтап,толықтыру қажеттігін және балалардың диогнозина қарай арнайы мамандар жеке бағдарлама мен жұмыс жоспарын құруы қажет екендігін ескертті.Осыған орай инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру жауапкершілігі меңгерушіге , медбикеге және педогог- психолог маманға жүктелді.Әр топтың тәрбиешісі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес заттық- дамытушы ортаны құра білуі тиіс, осыған орай қажетті материалдармен ортаны толықтыру педагогтің шеберлік көрінісін атап өтті. Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралған мәселелерді түйіндей отырып, шешім қабылданды.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. Жедел бақылау қорытындысы бойынша топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп қабылдаған.

3. Әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған нормативтік құжаттар педагогикалық қызмет барысында басшылыққа алынсын.

4. Балабақшаның жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары, топтардың перспективалық жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі , күн тәртібі бекітілсін.

5. Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру жоспары қарастырылсын. Инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру жауапкершілігін меңгерушіретінде және медбикеге жүктелсін.

Төрайымы: А.Қ.Ысебаева.

Хатшысы: Г.Д.Абдрахманова.

Хаттама №2

Тақырыбы:Мектепке дейінгі мекемеде балалар еркін демалып,рухани патриоттық тұрғыдан білім алып,тәрбиеленуне жағдай жасау.

Өткізген мерзімі:18.11.2022ж

Қатысқандар саны:17

Қатыспағандар: Жоқ

Күн тәртібіде:

1. №1 педкеңес шешімінің орындалуы.
2. Ерекске топты кешенді бақылау қорытындындысы.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау.

Балалардың бейімделу кезендегі ауруларын сараптау.

4.Шынықтыру шараларың ұйымдастыруының барысы туралы мәлімет.“Жеті ойыншық” авторлық жобасы бойынша ұлттық ойыншықтарды қолдану арқылы құрылған бағдарламаның жоспары.

5.Тақырыптық бақылау қорытындысы.Топтарда ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шағын мұражай ұйымдастыру.

6.“Мектепке дейінгі тәрбиеленудегі жанартылған мазмұныды жүзеге асыру” тақырыбында мағлмат беру.

7.“Ұлттық мұра”көрмесі.

8.Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Кезекті педагогикалық кеңесті балабақша басшысы аша отырып,педкеңес тақырыбын жариялады және күн тәртібімен таныстырды,содан кейін алдыңғы №1педкеңес шешімінің орындалу жайы туралы шолу жасады.Онда балабақшадағы педагогикалық қызмет нормативтік құжаттарды негізге ала отырып жүзеге асып отырғандығы атап өтілді.

Сондай-ақ 14 қазан 2022 жылы бағдарлама бекітілгендігі хабарланды.

Екінші мәселе бойынша ересек топты кешенді бақылау қорытынды жарияланды.Шығармашылық топ ересек топ құжаттарың дамытушы заттық ортаны толық тексерді топ балалармен ұйымдастырылған күн тәртібін қадағалады.Нәтижесінде топ тәрбиешілерінің құжаттамалары мен топтың жай күйі қанағаттарлық деп бағаланды.Топ тәрбиешілеріне заттық дамытушы ортаны толықтыруғы ұсыныс берілді.

Келесі мәселе бойынша балабақша басшысы балалардың өмірі мен денсаулығы басты назарда екенін баса атап өтті.Осыған орай сөз кезегін балабақша медбикесіне жолдады.Медбике

балалардың балабақшаға қатысты сырқыттылық көрсеткіштері бойынша мәлімет берді,әсіресе балалардың бейімделу кезендегі аурушаңдық белгілеріне сараптама жасады.

Одан әрі сөз кезегін балабақша әдіскеріне берілді,ол шынықтыру шараларының ұйымдастырылу барысы туралы мәлімет бері.Жоспарға сәйкес шынықтыру-сауықтыру шараларын жауапты тұлғалар дер кезінде орындап отырғандығын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша “Жеті ойыншық” авторлық жобасы бойынша ұлттық ойыншықтарды қолдану арқылы құрылған бағдарламаны жоспары туралы Гүлназ Еламанқызы жұмыс бағыттарымен таныстырылды.

Төртінші мәселе бойынша балабақшаның жылдық міндетке орай "Мектепке дейінгі тәрбиелеудегі жаңартылған мазмұнды жүзеге асыру” тақырыбында әдіскері Шара Рахымқызы теориялық тұрғыда түсінік берді.

Күн тәртібіндегі кезекті қаралым

"Топтарды ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шағын мұражай ұйымдастыру"атты тақырыптық бақылау қорытындасы болатын.Шығармашылық топ өздеріне жүктелген бақылау шарасын қадағалау.Бақылау нәтижелері бойынша анықтама толтырылды.Бақылыу нәтижесі бойынша ұсыныстар берілді.

Педагогикалық кеңес тақырыбын аша түсетін “Ұлттық мұра” көрмесі ұйымдастырылды.Көрмеге педагогикалық ұжым тарапынан қолөнер бұйымдары дайындалып ұсынылды және көрме оң бағаланды.

Педагогикалық кеңес соңында әртүрлі мәселелерге кезек берілді.Өзекті мәселелер қатарында қазан айында №422 бұйрықпен бекітілген бағдарламамен толық танысып, перспективалық жоспарларға толықтырулар енгіз ұсынылды.Сондай-ақ тәрбиешілердің жетістігі,портфолио толықтыру тәртібінде талқыланды.

1.№ 1 педкеңес шешімінің орындалу барысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

2.Ересек топты кешенді бақылау қорытындысы бойынша топтық жай- күйі стандарт топтарына сай келеді деп есептелсін.

3.Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау,балалардың бейімделу кезендегі ауруларын сараптау нәтижесі қанағаттанарлық,шынықтыру шараларының ұйымдастырылу жалғасын тапсын.

4.Педагогикалық ұйымның мектеп жасына дейінгі балаларға рухани адамгершілік тәрбие беру әдіс -тәсілдері кеңінен насихатталсын,әдістемелік көмек беру жауапкершілік әдіскермен шығармашылық топқа жүктелсін.

5.“Топтарды ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шағын мұражай ұйымдастыру”атты тақырыптық бақылау қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

6.Балабақшада ұлттық құндылықтарды насихаттау шаралары жалғасын тапсын.

7.Оқу ағарту министрлігінен 14 қазан № 422 бұйрықпен бекітілген бағдарламаны негізге ала отырып,топтардың перспективалық жоспарлары толықтырылсын.Құжаттар реттелігін қадағалар әдіскерге жүктелсін.

Төрайымы: А.Қ.Бисебаева.

Хатшы: Г.Д.Абдрахманова.

Хаттама №3

Тақырыбы:Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу және оқыту жүйесін ұйымдастыру.

Өткізілген мерзімі:27.01.2023ж.

Қатысқандар саны:17

Қатыспағандар: Жоқ

Күн тәртібінде:

1. №2 Педкеңес шешімінің орындалды.
2. Топтағы балалардың балабақшаға қатысы,денсаулық жайын анықтау салыстырмалы бақылау.
3. Педагог кадрлардың жарты жылдық жұмыс есебі.
4. 1 Жарты жылдықтығы аралық монитарингтің қорытындысы.
5. Мектепке дейінге ұйымда инклюзивті білім беруді жүзеге асыру.
6. Практикалық бөлім "Іскерлік ойын"

Педагогикалықи викторина педагогикалық кейс -тапсырмалары.

7. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Балабақша басшысы Асел Қаржауқызы кезекті педагогикалық кеңесті ашықдеп жариялай отырып,қаралатын күн тәртібімен таныстырды.Алдымен педкеңес шешімінің орындалуы барысы туралы шолу ақпарат берді.

Мектепке дейінге мекемеде балалар еркін дем алып,рухани патриоттық тұрғыдан білім алып,тәрбиеленуіне жағдай жасауға ықпал ететін тиімді шаралар жүзеге асып отырғандығын атап өтті.

Одан әрі топтардағы балалардың балабақшаға қатысы,денсаулық жайын анықтау мақсатында балабақша медбикесіне сөз кезегі берілді.

Медбике Жанат Сағынқызы балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау ақпаратын ұсынды.Балалардың өмірі мен денсаулыған сақтау басты міндесттердің бірі,сондықтан осы мәселеге қатысты нұсқаулықтарды қатан орындау қажеттілігін ескертті.Медбике балалардың қатысты деректерді негізінде тәрбиеленушілердің денсаулық жайы қалыпты екендігін хабарлады.

Үшінші мәселе бойынша балабақшадағы педагог кадрлардың,тәрбиешілер мен пән мамандардың жарты жылдық жұмыс есебі тыңдалды.Педагогтар жарты жылдықта атқарған жұмыстарын,өткізген шараларын және олардың талдауларын таныстырып өтті.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Шара Рахымқызы балабақшада жүргізілген жарты жылдық мониторинг қорытындысын жарияланды.

Әдіскер:Бұл қорытынды жалпы барлық топтардың мониторинг көрсеткіштерінің жиынтығы екендігін сөзсіз.Әр топта төмен деңгейлі көрсеткіш алған баланың балабақшаға қатысы денсаулық сақтау жайын көңіл бөле отырып,осы балалармен жеке жұмыс жүргізу қажет.Мониторинг жас ерекшелік топтарына сәйкес ұсынылған үлгілік бағдарлама мазмұны бойынша жүзеге асырылады.Демек,осы мониторинг нәтижесі бойынша топтағы балалардың бағдарламаның меңгеру деңгейін көруге болады.Сондықтан үлгілік бағдарлама мен мониторингті жүргізу әдістемелік нұсқаулық бойынша жүргізілгендігі де ескеріледі.Аралық мониторинг көрсеткіші талданып, ұсыныстар берілді.Келесі кезекте мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді жүзеге асыру мәселесі қаралады.Инклюзивті білім берудің өзекті мәселелері және іс жүзінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-тәрбилеу тәжірибелерін толықтыру.

Педагогикалық кеңесі “Іскерлік ойын” формасында практикалық бөлім қарастырылды онда “Мектепке дейінгі ұйымның тәрбилеу және оқыту жүйесі ұйымдастыру”атты педкеңес тақырыбына сәйкес тапсырмалар беріледі.Оның ішінде “Педагогикалық Виктория”сұраққа жауап және “Педагогикалық кейс тапсырмалар”ситуациялық жағдаяттар қарастырылған.Педагогтар практикалық тапсырмаларға белсенді қатысып,өзара пікіралмасу жүзеге алмасты.

Әртүрлі мәселелер қатарында педагогтардың санақтын көтеру, біліктілік арттыру курстарынан өту және жергілікті байқауларға қатысу секілді сұрақтарда көтерілді.Санатқа ұсыныс беруші педагогтарға түсіндірме жұмысын жүргізу жауапкершілігі әдіскерге жүктелді.Тәжірибелі мамандарды деңгейіне қарай байқауларға педагогикалық оқуларға қатыстыру және осындай шараларға алдын-ала дайындық жүргізу қажет екендігі баса айтып өтілді.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралған мәселелерді түйіндей отырып, шешім қабылданды.

Шешім:

1.№2 педкеңес шешімінің орындалу қанағаттанарлық деп есептелсін.

2.Балалардың өмірі мен денсаулығына сақтау жөніндегі нұсқаулық пен таныстыру жұмыстары жалғастырылсын.

3.Шынықтыру шараларының ұйымдастырылу барысы қанағаттанарлық деп есептелсін және шынықтыру жүйелі жүргізілсін.

4.Педагог кадрлардың жарты жылдық жұмыс есебі қанағаттанарлық деп қабылдансын.

5.1жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

6.Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді жүзеге асыру шаралары жалғасын тапсын.

Төрайымы: А.Қ.Бисебаева.

Хатшы: Г.Д.Абдрахманова.

Хаттама №4

Тақырыбы:Ойыл технологиялары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалды танымдық қабілеттерін дамыту .

Өткізілген мерзімі:12.03.2024.ж

Қатысқандар саны:17

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. №3педкеңес шешімінің орындалуы.
2. Психологиялық тренинг.
3. Жылдық міндет бойынша ұйымдастырылған ашық көрсетілімдер талдау.
4. 1жарты жылдық аралық мониторингтің қорытындысы.
5. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Балабақша басшысы Асел Қаржауқызы кезекті педагогикалық кеңесті ашық деп жариялай отырып, қаралатын күн тәртібімен таныстырды. Алдымен№3 педкеңес орындалуы барысы туралы шолу ақпарат берді. Мектеп дейінгі мекемеде балалар еркін дем алып, тәрбиеленуіне жағдай жасауға ықпал ететін тиімді шаралар жүзеге асып отырғандығын атап өтті. Екінші мәселе бойынша балабақша психологі Айсауле Мақсатқызы педагогтармен тренинг жүргізді.

Үшінші мәселе бойынша балабақшадағы педагог тәрбиешілер мен мән мамандарының жылдық міндет бойынша ұйымдастырылған ашық көрсетілімдерінің таңдауы бойынша балабақша әдіскері Ш .Р.Талыбаева 14педагогтың өткізілген ашық көрсетілімдеріне шолу жасап талданды. Барлық педагогтар тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда ойын арқылы үйрету, түрлі балалар әрекеттін ұйымдастыру арқылы балаларды дамыту мақсатында жұмыстанды , балалардың жас ерекшеліктері ескерілді. Атап айтатын болсақ ; тәжірибелі 30жылдам астам еңбек өтілі бар. Педагогтарға алдағы оқу жылында керемет ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін көрсетуге ұсыныстар айтылды. Төртінші мәселе бойынша Ж.Ж.Шынбаеваның ақпараттық баяндамасы тақырыбы; Интеллектуалды ойындар; олардың классификациясы және әзірлемесі туралы баяндамасы тыңдалды. Баяндамалар соң тәрбиеші Роза Амангелдіқызы интеллектуалдық ойын;Не? Қайда? Қашан? Практика жүзінде көрсетіліп педагогтар арасында пікір таластар болып педагогтармен қызықты ойын ұйымдастырылды. Ағымдағы мәселелер қатарында педагогтардың санатын көтеру, біліктілік арттыру курстарынан өту және жергілікті байқауларға қатысу секілді сұрақтар көтерілді. Санатқа ұсыныс беруші педагогтарға түсіндірме жұмысын жүргізу жауапкершілігі әдіскерге жүктелді. Тәжірибелі мамандарды деңгейіне қарай байқауларға педагогикалық оқуларға қатыстыру және осындай шараларға алдын-ала дайындық жүргізу қажет екендігін баса айтып өтілді. Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралған мәселелерді түйіндей отырып, шешім қабылданды.

Шешім:

1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы барысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. Жылдық міндеттер бойынша ұйымдастырылған ашық көрсетілімдер талдауы бойынша жұмыс қорытындысы қанағаттанарлық деп қабылдансын.

3. Ақпараттық баяндама"Интелектуалды ойындар;олардың классификациясы және әзірлемесі" баяндама барысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

4. Интеллектуалдық ойын;Не? Қайда? Қашан? жұмыстану барысына қанағаттанарлық деп қабылдансын.

Төрайымы:А.Қ.Бисебаева

Хатшысы:Г.Д.Абдрахманова

Хаттама №5

Тақырыбы: «2023-2024» оқу жылындағы тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытындысы.

Өткізілген мерзімі 31.05.2024ж

Қатысқандар саны 17

Қатыспағандар жоқ.

Күн тіртібінде:

1. №4 педкеңес шешімін орындалуы.

2. I Өткен оқу жылы бойынша бөбекжай-бақшасының жетістіктері мен кемшіліктерін талдау.

II Тәрбиешілер мен пән мамандарының жыл бойын жүргізген жұмыстарының есебі.

III Балалардың білім, білік және дағдылар көрсеткішінің қорытындысы.

3. Шығрмашылық тобының жыл бойына жүргізген жұмысына есебі.

4. 2023-2024 оқу жылында мектеп біліміне дайындық диогностикасы нәтижелерін талдау қорытындысы-психолог.

5. 2023-2024 оқу жылындағы денсаулық сақтау құзіреттілігі; «Балалардың балабақшаға қатысуы, аурулардың алдын алу шараларының сараптамалық талдауы. Дене шынықтыру сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру нәтижелері».

6. Бөбекжай-бақшасының жаз мезгіліне арналған жазғы сауықтару шаралары жоспарларын бекіту.

7. Жылдық жоспарларына өзгерістер енгізу.

8. Біліктілік санаттарын табыстау т.б.

Тыңдалды:

Балабақша басшысы Асел Қаржауқызы кезекті педагогикалық кеңесті ашық деп жариялай отырып, қаралатын күн тәртібімен таныстырылды. Алдымен №4 педкеңес шешімінің олрындалуы барысы туралы шолу ақпарат берді. Мектепке дейінгі мекемеде балалар еркін дем алып, рухани патриоттық тұрғыдан білім алып, тәрбиеленуіне жағдай жасауға ықпал ететін тиімді шаралар жүзеге асып отыратындығын атап өтті. Сомен қатар Асел Қаржауқызы жыл қорытындысы бойынша педагогтарға жыл бойы жсалған жұмыстары мен жеткен жетістіктері ескеріліп ұжым атынан педагог мамандарға шығармашылық табыс тілей отырып, бірнеше педагогтарды ынталандыру мақсатында марапаттады. Маслихат және «Аманат» партиясының алғыс хатымен, балабақша арасынан «Үздік тәрбиеші» кубогін сарапшы Г.Е. Жолбаеваға табыстады.

Екінші мәселе бойынша өткен оқу жылы бойынша педагог мамандардың жыл бойына жүргізген жұмыстарынын қорытынды есебі тыңдалды. Педагогтар үшін биылғы оқу жылы толағай табыстарға толы жыл болды, облыспен шектелми республикалық шыңдарға биктеп жүлделі

орындармен оралғанын мақтан тұтатынын қуанышпен жеткізді және жыл бойы тынымсыз еңбекпен алдына қойған мақсат міндеттерін толық орындап отырды. Балалардың білім, білік дағдыларын үш тоқсандағы қорытындысын да айтып шықты.

Үшінші мәселе бойынша шығармашылық топ жыл басына құрылған жоспарларын баяндап, қорытынды есебі тыңдалды.

Төртінші мәселе бойынша балабақша психологі Айсәуле Мақсотқызы 2023-2024оқу жылығда мектеп біліміне дайындық диагностикасы нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша алынған мақсат міндеттеріне толық тоқталып психологиялық қызмет 4 бағытта жұмыс түрлері (психологиялық ағарту, алдын-алу, психологиялық диагностика, психологиялық кеңес беру) жүргізілді.

Жалпы балабақша бойынша салыстырғанда ерте жас тобынан ересек тобына қарай балалардың білімі арта түседі, пайыз көрсеткіші жоғары. Жылмен салыстырғанда кейбір топтарда пайыз көрсеткішінің өзгермеуі  жалпы балабақша бойынша өткізілген мерекелік іс-шараларға үнемі психологиялық қолдау көрсетілді.

Бесінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылындағы денсаулық сақтау құзіреттілігі;

Балалардың балабақшаға қатысуы, аурулардың алдын алу шараларының сараптамалық талдауы. Дене шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру нәтижелері; одан әрі топтардағы балалардың балабақшаға қатысы, денсаулық жайын анықтау мақсатында балабақша медбикесіне сөз кезегі берілді. Медбике Жанат Сағынғалиқызы балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау басты міндеттердің бірі, сондықтан осы мәселеге қатысты нұсқаулықтарды қатаң орындалу қажеттігін ескертті. Медбике балалардың қатыс дәптері негізінде тәрбиеленушілердің денсаулық жайы қалыпты екендігін хабарлады, соған қарамастан балалардың өмірі мен денсаулығына үнемі көңіл бөліп, қадағалап отыру қажет екендігін ескертті. Медбике балалардың қатыс дәптері негізінде қалыпты екендігін хабарлады.

Сондай-ақ оқу жылын басындағы және қыс мезгіліндегі балалардың денсаулық жайы салыстырмалы талданды, бақылау жүргізу арқылы салыстырмалы көрсеткіштер алынды. Аталған деректер құжаттама ретінде тіркелді.

Алтыншы мәселе бойынша балабақша әдіскері Ш.Р. Толыбаева  "Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту" мақсатында жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспары дайындалып мақсаты түсіндіріліп, талданып бекітілді.

Ағымдағы мәселелер қатарында педагогтердің санатын көтеру, біліктілік арттыру курстарынан өту және жергілікті байқауларға қатысу секілді сұрақтар көтерілді.

Санатқа ұсыныс беруші педагогтарға түсіндірме жұмысын жүргізу жауапкершілігі әдіскерге жүктелді. Тәжірибелі мамандарды деңгейіне қарай байқауларға педагогикалық оқуларға қатыстыу және осындай шараларға алдын ала дайындық жүргізу өажет екендігі баса айтып өтілді. АКТ технологиясын толық меңгеруді қолға алу керетігін ескертті. Педаогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралған мәселелерді түйінди отырып, шешім өабылданды.

Шешім:

1. № педкеңес шешімінің орындалу барысы қанағаттанарлық деп есептеймін.

2. Педкадрдардың жылдық жұмыс есебі қанағаттанарлық деп қабылдансын.

3. Шынықтыру шараларының ұйымдастырылу барысы қанағаттанарлық деп есептелсін және шынықтыру шаралары жүйелі жүргізілсін.

4. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

5. Педагогтарға АКТ технологиясымен жұмыстану қолға алынсын.

Төрайымы: А.Қ.Бисебаева

Хатшы: Ш.Қ.Қожарова